

**Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласының білім
бөлімінің «Еркетай» бөбекжайы КМҚК
қамқоршылық кеңесі отырысының №2 хаттамасы**

Өткізілген күні: 14.09.2022 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Ә. Ибраев

мүшелері:

М.С.Қожахметова

Г.Е.Ермаганбетова

А.Н.Аканова

А.К.Каспакова

Г.С.Жумабекова

А.С.Корбозова

Е.Дубай

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі ұйымдардағы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау (балаларды балабақшаға қабылдау тәртібі)
2. 2022-2023 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарының жобасымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен танысу.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Жумабекова балаларды балабақшаға қабылдау тәртібі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 172 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» бойынша жүзеге асырылатынын айтты.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ибраев Әсет балаларды балабақшаға білім бөлімінен жолдама арқылы жіберу кезінде балабақша әдіскерімен бірге қамқоршылық кеңесінің мүшелері А.С.Корбозова, Е.Дубай қатысып кезектегі балалардың жіберілуін бақылағанын айтты. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері балабақшаға балаларды қабылдау өз заңдылығына сәйкес жүргізілгенін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Н.Аканова балабақшаның 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасымен, қойылған мақсат, міндеттерімен таныстырып өтті.

Жоғары мұратты мақсат:

Балалардың бойында жас ерекшелігіне және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес икем-дағдыларын, білімдерін, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясына сай Отансүйгіштік пен толеранттылыққа, жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу

Ағымдағы мақсаттар:

Балабақшадағы балалардың тәжірибелік-зерттеу іс әрекеті арқылы ақыл-ой қызығушылығын дамытуға бағытталған оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру. Құбылыстар мен үдерістерді тікелей бақылай отырып, әр баланың қоршаған ортадағы объектілердің ерекшеліктері мен қасиетін анықтай білу қабілетін ашу мен жетілдіруде оңтайлы жағдай жасау.

Балалардың практикалық жұмысты жоспарлап және талдай білу дағдысын қалыптастыру.

МДҰ тәрбиеленушілерінің театралды іс әрекетінде тұлғаның шығармашылық және эмоционалдық, танымдық дамуымен байланысты мақсаттарды жүзеге асыру. Балабақшада режимді кезеңдегі және оқу қызметінде театрландыру элементтерін қолдану мен театралды іс әрекетті енгізу әдістері мен ерекшелігін толыққанды және жан-жақты зерттеуді ұйымдастыру. Педагог-психологтың, логопед-маманының, тіл мамандарының бірлескен театралды үйірме жұмысын ұйымдастыру арқылы түзете-дамыту жұмысын жүргізу.

Мектепке дейінгі білім беру ұйым жағдайындағы топтардағы өзара қарым-қатынас ерекшелігін зерттеу жұмысын жалғастыру- балалар ұжымының қалыптасу мәселесі, балабақша топтарының сипаттамалары мен ондағы өзара қарым-қатынас, жекелеген балалардың тұлғалық қалыптасуына мектепке дейінгі топтардың әсері.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды дамыту мен тәрбиелеу, білім беру тәжірибесіндегі жетістіктер мен инновациялық педагогикалық идеяларды насихаттау және мотивациялау жолымен педагог қызметкерлердің кәсібилігін көтеру.

Тәрбиеленушілердің отбасымен жұмысты жаңа түрде ұйымдастыруды жалғастыру:

- Барлық жас тобындағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен бірге орындалатын жобалар декадасын өткізу

- Тәрбиеленушілердің ата-аналарының психологиялық күзіреттілігін көтеру бойынша логопед-маманының, педагог-психологтың ата-аналар клубындағы іс әрекеті

- «Менің әлеміме қош келдіңіз!» жобасы аясында ата-ана өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру- деп жоғары мұратты және ағымдағы мақсаттарды

алып отырғанын көрсетті. Биылғы оқу жылындағы жүргізілетін жұмыстардың басым бағытын ерекше атап өтті.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жұмыс жоспарының жобасы бойынша пікірлерін білдірді.

Ержанат Дубай: жоспар жобасымен келісемін, өзекті мәселелер қамтылғанын, балалардың жан-жақты дамуы үшін маңызды міндеттер қойылған,- деп өз пікірін білдірді.

Аяужан Каспакова: жоспар жобасымен келісемін, жоспар жобасында ата-аналармен жұмыстың жаңаша бағыттарын да қарастырған,-деп пікір білдірді.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Балаларды балабақшаға қабылдау тәртібі белгіленген стандартқа сәйкес жүргізілді деп есептелсін.

2. Балабақшаның 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасымен танысып қолдайтындарын білдірді.

Қамқоршылық кеңесінің

төрағасы:

Хатшы:



Ибраев Ә.



Кайрскакова С.

Мүшелері:

М.С.Қожахметова

Г.Е.Ермаганбетова

А.Н.Аканова

А.К.Каспакова

Г.С.Жумабекова

А.С.Корбозова

Е.Дубай

